



**ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 75-ЖЫЛДЫҒЫ МЕН Р. ҚОШҚАРБАЕВ ПЕН Г. БУЛАТОВТЫҢ
ЕРЛІКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
«ЖЕҢІСТІҢ МӘҢГІ ҚАҒАРМАНДАРЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СУРЕТ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

Негізгі ақпарат

Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы «Алаш Медиа Групп» медиахолдингімен бірлесе отыра, Қазақстанның 7-18 аралығындағы жас суретшілеріне арналған шығармашылық байқау ұйымдастыруда.

Ұлы Отан соғысы біздің халқымыз үшін үлкен сынақ болды. Жас ұрпақ әкелеріміз бен аталарымыз қаза тапқан, қасық қаны қалғанша сұм соғыс алаңдарында шайқасқан отандастырымызды, жанын аямай соғысқан ерлеріміз бен қаһармандарымыздың ерліктерін білуі керек. Олардың ішінде қазіргі Қазақстан жерінің тумасы Рақымжан Қошқарбаев пен Ресей елінің өкілі Григорий Булатов ерлігін – жаудың Рейхстагына алғашқы болып ту тіккені жөнінде айтылу керек.

Бұл батырлардың есімі тарихта мәңгә қалады. Дегенмен, Рақымжан Қошқарбаевқа «Кеңес Одағының батыры» атағы берілмеді және бұл - соңғы 75 жыл талқыланып, шешімін таппай келе жатқан мәселе.

Бұл байқауды ұйымдастыруға танымал қазақстандық-ресейлік режиссер Константин Харалампидистің идеясы себепкер болды. Ол 2020-2021 жж. Ұлттық киноны қолдаудың мемлекеттік орталығы мен «Алаш Медиа Групп» медиахолдингінің қолдауымен жарық көретін «**Батыры Великой Отечественной: Рахимжан Кошкарбаев и Григорий Булатов**» деректі фильмінің түсіріліміне орай жүзеге аспақ.

Байқау қатысушыларына Ұлы Отан Соғысының батырлары Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың өмірлері мен ерліктерімен танысып, шабыт алып, сурет салып, сипаттамасын жазу ұсынылған. Осылайша, әрбір қатысушы, қазіргі жастар маңызды тарихи оқиғаға қатысты өз ойларын шығармашылық арқылы білдіруге мүмкіндік алады.

Байқаудың мақсаты:

- Ұлы Отан Соғысының батырының ерлігін жастарға таныту;
- Батырдың ерлігін халыққа таныта отыра, мәңгі есте сақтауды насихаттау;
- Жастарға тарихи оқиғаларды зерттеуге мүмкіндік бере отыра, патриоттық сезімдерін нығайту;
- Жастардың Ұлы Отан Соғысына қатысты ойларын шығармашылық арқылы жеткізуге мүмкіндік беру.

Міндеттер:

- Өскелең ұрпақтың 1941 – 1945 гг. жылдары орын алған Ұлы Отан Соғысы туралы білімдерін кеңейту;
- Отбасы мүшелерімен талқылау арасында, сыныпта немесе басқа көздерден алған қосымша ақпаратты зерттеу, сараптау дағдыларын нығайту;
- Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың ерліктерін үлгі ете отыра, жастарда патриоттық сезім қалыптастыру;
- Жастардың дүниетанымын кеңейту, өз шығармашылық дағдыларын, ұшқыр ойы мен қайталанбастығын көрсетуге итермелеу;
- Жас ұрпақты Қазақстанның тарихымен, мәдениетімен және рухани мұрасымен таныстыру.

Мерзімі мен қамту аймағы: жұмыстар 15 қараша мен 25 желтоқсан аралығында қабылданады. Қазақстан.

Байқаудың ережесі:

- Қатысушылардың жасы: 7-18 жас аралығында (7-10, 11-14, 15-18 жас санатына бөлінеді).

Жұмыстар үш бағытта қабылданады: Графика; Көркем сурет; Сандық көркем сурет.

Жұмыстардың қайталанбас және ерекше болуына назар аударыңыз.

- Өлшем: еркін.
- Ұйымдастырушыларға жіберілетін жұмыстар саны шектелмеген. Бір адам бірнеше сурет салып жібере алады.
- Қатысу тегін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Байқауға қатысу үшін суретті салып, оны сандық форматқа (камераға түсіріп немесе сканерден өткізіп) айналдырып, жіберу қажет.

МАҢЫЗДЫ! Байқауға жіберіп жатқан суреттің атын **қатысушының Аты мен Жөніне өзгертуді ұмытпаңыз.**

✓ Байқауға жіберілетін суреттер JPEG немесе JPG форматында болуы керек. Салмағы 2 МБ кем емес (өте жоғары сапада).

✓ Әрбір суретке 150 сөзден кем емес сипаттама жазу керек. **Сипаттаманы интернеттен алуға, көшіруге қатаң тыйым салынады.**

✓ Байқауға жіберілетін суреттер мен сипаттамасы байқаудың тақырыбына сай болуы керек.

✓ Байқауға жіберілген суреттер арнайы осы байқауға дайындалып, тек бір адаммен салынып, байқауға қатысушының жеке туындысы болуы шарт. Суреттің үстіне жазу жазуға, басқа қағаздар жабыстыруға болмайды.

Байқауға жұмысты жібере отыра, қатысушылар суреттердің авторы екендіктерін растайды. Қатысушы үшінші тұлғалардың зияткерлік құқықтарын бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жауапкершілікке тартылады.

✓ Суреттер осы байқауға арнайы салынып, басқа байқауларға қатыстырылмаған болуы керек. Сондай-ақ әлеуметтік желілерде, ғаламтар аумағында ешқайда жүктелмеген болуы керек.

✓ Бір қатысушы бірнеше сурет жібере алады. **Әр жұмыс бөлек жүктеліп, әрбір суретке бөлек сипаттама жазылуы керек.**

- ✓ Байқауға жіберілетін суреттер жоғары сапада болғаны жөн, себебі фильмде пайдаланылып, ұйымдастырушылардың сайттарындағы фоторепортаждарда қолданылатын болады.

Номинациялар:

- Рақымжан Қошқарбаев. Ұлы Отан соңысына дейінгі және кейінгі өмірі
- Берлин үшін шайқас
- Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов: Рейхстагты алу және жеңіс туын тігу ерліктері

Суреттердің сипаттамасына қойылатын талаптар:

- Кем дегенде 150 сөз;
- Сипаттама салған суретке сай болып, суреттегі басты ойды жеткізуі керек;
- Жазуда эмоционалды бейнелеу тілін қолдануға тырысыңыз.

Жұмыстар **тек электронды түрде** ғана қабылданады. Байқауға жұмыстарды жіберу үшін мына **сілтемені басып**, сұранымды толтырып, суретті жүктеп, сипаттамасын жазыңыз.

<https://forms.gle/otGAFhntqErvHMER6> орыс тіліндегі анкета

<https://forms.gle/yz7Vdgo9bShEEed177> қазақ тіліндегі анкета

*Байқауға қатыса отыра, қатысушы барлық талаптармен келісетіндігін растайды. Талаптардың бұзылуы қатысушының байқаудан шеттетілуіне алып келеді.

*Байқауға жұмыстарын жібере отыра, автор өз туындыларының ұйымдастырушылардың және серіктестерінің сайттарында, әлеуметтік желілердегі парақшаларында, БАҚ-та, фильмде және цифрлық байланыс құралдарында тегін пайдалануына рұқсат береді.

* Қатысушы байқауға қатыса отыра, жұмыстарын тегін пайдалану құқығын Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясы мен «Алаш Меди Групп» медиахолдингіне береді.

Бағалау критерийлері:

- Суреттің идеясының ерекшелігі және даралығы;
- Тақырыптың ашылуы, ойдың тереңдігі;
- Сурет салу шеберлігі;
- Жұмыстың талаптарға сай болуы.

Нәтижесі:

Қатысушылар Ұлы Отан сСоғыстағы батырлармен танысу, олардың ерлігін қошеметтеуге өз үлестерін қосып қана қоймай, байқаудың **барлық қатысушылары қатысушының сертификатына ие болса, жеңімпаздар жеңімпаздың дипломымен марапатталады.**

Сертификаттар мен дипломдарды www.unescoclubs.kz сайтынан 2021 жылдың ақпан айында жүктеп алуға болады. Сонымен қатар, үздік жұмыстар режиссер Константин Харалампидистің «**Батыры Великой Отечественной: Рахимжан Кошкарбаев и Григорий Булатов**» деректі фильміне қосылады. Жоба қорытындысы бойынша келесідей сайттарда үздік жұмыстар қосылған ауқымды фоторепортаж ұйымдастырылады:

www.tengrinews.kz

www.kaz.tengrinews.kz

www.massaget.kz

Оқуға арналған қосымша ақпарат:

1. <https://mix.tn.kz/mixnews/on-zaslujivaet-zvaniya-geroya-rahimjane-koshkarbaeve-413613/>
2. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/chest-doroje-smerti-reshayuschiy-shturm-reyhstaga-401610/
3. <https://tengrinews.kz/fotoarchive/260-smertelnyih-metrov-reyhstaga-istoriya-podviga-1267/>
4. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/boy-za-reyhstag-hronika-317610/
5. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/aliya-koshkarbaeva-posetila-rekonstruktsiyu-vzyatiya-317618/
6. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/rahimjanu-koshkarbaevu-vodruzivshemu-znamya-pobedyi-293987/
7. <https://tengrinews.kz/article/besstrashnyiy-225/>
8. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/almaty-ustanovili-memorialnuyu-dosku-pamyati-rahimjana-274211/
9. <https://tengrinews.kz/europe/berlin-den-pobedyi-255019/>
10. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/koshkarbaev-doljniy-pri-lyubiyh-obstoyatelstvah-dostavit-255012/
11. <https://tengrinews.kz/article/kakimjan-kazyibaev-simvol-duhovnogo-edinstva-s-narodom-1190/>

Байланыс телефондары:

Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының федерациясы

Тел.: +7 727 394 32 32, +7 700 394 32 32